

Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мен Пәкстан Ислам Республикасының Жоғары қаржылық бақылау органы арасындағы Тәжірибе алмасу және ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы 109 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мен Пәкстан Ислам Республикасының Жоғары қаржылық бақылау органы арасындағы Тәжірибе алмасу және ынтымақтастық туралы келісімнің жобасына қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мен Пәкстан Ислам Республикасының Жоғары қаржылық бақылау органы арасындағы Тәжірибе алмасу және ынтымақтастық туралы келісім

Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мен Пәкстан Ислам Республикасының Жоғары қаржылық бақылау органы (бұдан әрі - Тараптар),

Тараптар арасындағы достық қатынастарды тең құқықты және өзара тиімді негізде одан әрі дамытуға ықпал етуге ниет білдіре отырып,

Халықаралық қаржылық бақылау жоғары органдары ұйымдарының (INTOSAI) мақсаттары мен қағидаттарын басшылыққа ала отырып,

Тараптар арасындағы ынтымақтастық Қазақстан Республикасы мен Пәкстан Ислам Республикасы арасындағы қатынастарды нығайтуға елеулі үлес қосатынына сенім б і л д і р і п ,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар қаржылық бақылау әдістері мен рәсімдері саласында Тараптар мемлекеттері арасында тәжірибе алмасуға ықпал ететін болады.

2-бап

Т а р а п т а р :

а) тәжірибе, ақпарат, жарияланымдармен және зерттеулермен, сондай-ақ қаржылық бақылаудың алдыңғы қатарлы практикасына, әдістері мен тәсілдеріне жататын ақпарат, Тараптар мемлекеттерінің қаржылық бақылау органдарының қызметі мен функцияларын реттейтін нормативтік құқықтық кесімдермен алмасу;

б) техникалық сипаттағы бірлескен конференциялар, семинарлар, коллоквиумдар мен кездесулер өткізу;

в) қаржылық бақылау саласында жұмыс істейтін мамандармен және қызметкерлермен алмасу жолымен екі жақты ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдеседі.

3-бап

Тараптар өзара келісім бойынша мемлекеттік қаржылық бақылаудың қазіргі заманғы жүйесін енгізу бойынша жәрдемдесу мақсатында бір-біріне консультациялар мен оқыту нысанында көмек көрсете алады.

4-бап

Тараптар ресми делегациялармен алмасу жолымен, сондай-ақ INTOSAI сияқты ұйымдар шеңберінде тығыз өзара іс-қимыл жасау арқылы ынтымақтастыққа ықпал ететін болады.

5-бап

Қажет болған жағдайда Тараптар осы Келісімді іске асыруға қатысты барлық мәселелер бойынша бір-біріне консультация береді.

6-бап

1. Осы Келісімде көзделген екі жақты ынтымақтастық Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

2. Осы Келісімде көзделген екі жақты ынтымақтастық Тараптардың қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты жүзеге асырылатын болады. Екі жақты ынтымақтастықты жүзеге асыруға байланысты шығыстарды Тараптар келісім бойынша жабатын болады.

7-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап

Осы Келісім Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

9-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және белгісіз мерзімге жасалады. Осы Келісім Тараптардың біреуі екінші Тарапқа оның қолданылуын тоқтатуға өзінің ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберген күннен бастап алты айдан кейін өзінің қолданылуын тоқтатады.

2004 жылы " __ " _____ әрқайсысы қазақ, урду, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитеті үшін*

*Пәкстан Ислам
Республикасының
Жоғары қаржылық*